Издается с 20 декабря 1999 года

# Сарап газеті

19 сентября
2025 года
ПЯТНИЦА
№ 75-76 (1779-1780)

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

saran_today, saran_gazeti   sarangazeti   sarangazeti.kz

**ТЕМА НОМЕРА:**

**ДЕПУТАТЫ ОБСУДИЛИ БОРЬБУ С НАРКОМАНИЕЙ И ПОДДЕРЖКУ МОЛОДЕЖИ**

СТР. 5

**Саран қалалық мәслихаты депутаттарының және қала тұрғындарының назарына**

2025 жылғы 17 қыркүйек

**Саран қалалық мәслихаты төрағасының өкімі**
**Саран қ. № 34-н 2025 жылғы 17 қыркүйек**

**Қалалық мәслихаттың кезекті XXVII сессиясын шақыру туралы**

Саран қалалық мәслихатының кезекті XXVII сессиясы 2025 жылғы 25 қыркүйек сағат 10.00-де шақырылсын.

**ХАБАРЛАМА**

Қалалық мәслихаттың 2025 жылғы 25 қыркүйек кезекті XXVII сессиясының қарауына мәселе шығарылады:

1. Саран қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы мәслихат депутаттарының алдындағы есебі туралы.
2. Саран қаласы мен Ақтас кентінің коммуналдық шаруашылық объектілерінің 2025–2026 жылдардағы жылу беру маусымына дайындығы туралы.
3. Басқа да мәселелер.

Сессияны дайындауға жауапты: **Заря Блялевна Малшибекова**, жұмыс тел.: 8(72137) 73908, электрондық пошта мекенжайы: saranmaslihat@mail.ru.

**О. Баймағанбетов**
**Саран қалалық мәслихатының төрағасы**

---

**К сведению депутатов Саранского городского маслихата и населения города**

17 сентября 2025 года

**Распоряжение председателя Саранского городского маслихата**
**г. Сарань № 34-0 17 сентября 2025 года**

**О созыве XXVII очередной сессии городского маслихата**

Созвать очередную XXVII сессию Саранского городского маслихата 25 сентября 2025 года в 10.00 часов.

**СООБЩЕНИЕ**

На рассмотрение очередной XXVII сессии городского маслихата 25 сентября 2025 года вносятся следующие вопросы:

1. Отчет акима города Сарани перед депутатами маслихата о выполнении возложенных на него функций и задач.
2. О готовности к отопительному сезону 2025 – 2026 годов объектов коммунального хозяйства города Сарани и поселка Актас.
3. Разное.

Ответственный за подготовку сессии: **Малшибекова Заря Блялевна**, раб. тел.: 8(72137) 73908, адрес электронной почты saranmaslihat@mail.ru.

**О. Баймаганбетов,**
**председатель Саранского городского маслихата**

» БІЛІМ

# Қордың үлесі қомақты



*Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының өкілдері жиналып, БАҚ қызметкерлеріне баспасөз туры ұйымдастырылды.*

Бүгінде «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Саран қаласының білім беру ұйымдары керек жабдықтармен жабдықталды.

*- **Саран қаласында 8 мектептің барлығы біздің жобаның қатысушылары болып табылады. Біз қазір Абай атындағы мектептеміз. Бұл мектеп – «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына енді. Жоба жан-жақты. Барлық практикалық бөлмелерді қамтиды,*** - деп атап өтті «Қазақстан халқы» ҚҚ Білім, мәдениет және спорт саласындағы жобаларды және бағдарламаларды басқару орталығының аға жоба менеджері Зауре Байменова.

ЖАЛҒАСЫ **4-БЕТТЕ**

» ЖОЛДАУ-2025

# ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – БІЛІМ МЕН БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

*2026 жылдың қаңтар айынан бастап Саран қаласының барлық мектептерінде жасанды интеллект негіздері оқытыла бастайды. Бұл туралы кеңейтілген отырыста қалалық білім бөлімінің басшысы мәлім етті.*





11 қыркүйек күні Саран қаласы әкімдігінде қала әкімі Дарын Бұлқайырдың төрағалығымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айқындалған міндеттерді қала аумағында іске асыру бойынша кеңейтілген отырыс өтті.

Оған мемлекеттік органдардың басшылары, депутаттар, ардагерлер мен қаланың белсенді азаматтары қатысты.

Қала әкімі өз сөзінде қала тұрмысын жақсартуға бағытталған, межеленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін нақты міндеттерді айқындап берді.

- Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, Саран қаласы Қарағанды облысының серпінді дамып келе жатқан өндірістік орталықтарының біріне айналуда. Қалада өңдеу өнеркәсібі қарқынды дамып, инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асуда, - деді қала әкімі Дарын Бұлқайыр.

Отырыста «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Айдын Мұхтардың, «Саран қаласының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысының м.а. Римма Каримованың, қалалық білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаевтың, жастар ресурстық орталығының директоры Айым Канапиянованың баяндамалары тыңдалды. Әрі алдағы жоспарлар сараланды.



***- Президент Жолдауының жетінші тармағына сәйкес, 2026 жылдың қаңтар айынан бастап біз қаламыздың барлық мектептерінде жасанды интеллект негіздерін үйрете бастаймыз. Биылғы жылы 300-ден астам мұғалім білім беру үдерісінде жаңа технологияларды тиімді қолдану және оқыту әдістерін жаңарту үшін арнайы оқыту курстарынан өтеді,*** - деді Арман Болатұлы.

Отырыс соңында қала әкімі Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмалардың орындалуы бойынша тиісті сала басшыларына нақты жұмыстар жүктеді. Сонымен қатар, экологиялық мәдениетті күшейтуге, қала инфрақұрылымын цифрландыруды жақсартуға қатысты тапсырмалар берілді.

**Дина ӘБДІҒАЛИЕВА**

» ЖОЛДАУ-2025

# «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: кітапханашылардың жаңа мүмкіндіктері мен міндеттері»

2025 жылғы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Бұл Жолдаудың кітапханашылық қызметке тигізер зор әсері бар екендігі анық. Жолдауда цифрландыру, білім-ғылым, тұлға-таным салаларына ерекше басымдық берілген. Ол келешекте кітапханалар үшін цифрлық трансформация мен жаңа қызмет форматтарына жол ашатын стратегиялық негізді қалыптастырады.

**Кітапханашының рөлі қандай өзгерістер күтеді?**

• Цифрлық инфрақұрылымды дамыту: Жолдауда цифрлы қызметтерді кеңейту, білім ресурстарына онлайн қолжетімділікті нығайту жоспары көрініс тапқан. Кітапханалар цифрлық каталог жүйелерін жаңартып, электронды форматтағы әдебиеттерді, виртуалды оқу залдарын дамытуға мұрындық болуы тиіс.

• Жеке тұлғаның дамуын қолдау: «Тұлға–таным», «білім–ғылым» салаларын қолдауға бағытталған Жолдау кітапханашыларға өз қызметін жаңаша қырынан қарауға мүмкіндік береді. Организацияланған онлайн мектептер, шеберлік сыныптары, ғылыми лекциялар — барлығы кітапхананың қызмет желілеріне тән.

• Шешімдерді жеткізу желісінде серіктестік: Мемлекеттік, білім беру және мәдени секторлармен серіктес жұмыс істеу — тиімді сандық трансформацияның қамтамасыз етушісі. Кітапханалар осындай өзара әрекеттесуді күшейтіп, қоғаммен диалогты кеңейтсе, маңызды ұлттық ресурстар орталығына айналуға мүмкіндігі бар.

Жолдау кітапханаларды заманауи цифрлық білім платформалары ретінде қалыптастырады, жеке тұлға мен қоғамды дамытуда маңызды рөл атқару мүмкіндігін ашады. Кітапханалар енді «әдебиет үйлері» ғана емес, ақпараттық, мәдени және цифрлық трансформация орталығына айналуға тиіс. Жаңа мүмкіндіктер — жаңа міндеттер, ал кітапханашылар — осы өзгеріс жүргізушілері.

**Ж.Құрышбекова,**
**оқу залының кітапханашысы**

# ПОСЛАНИЕ – ОРИЕНТАЦИЯ НА БУДУЩЕЕ

Президент Касым–Жомарт Токаев выступил с очередным Посланием народу "Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию".

В обращении к народу Глава государства отметил: «Благодаря масштабным преобразованиям последних лет политическая система стала более прогрессивной и открытой, граждане всё больше доверяют государственным институтам, в обществе утверждаются принципы Законности, Справедливости и Порядка. Комплексные экономические реформы уже принесли и продолжают приносить значительные результаты, направленные на повышение благосостояния народа и усиление потенциала страны». Впереди ещё много нерешённых задач, и ключевым компонентом взятого стратегического курса должно стать повсеместное внедрение искусственного интеллекта и задача превращения Казахстана в течение трёх лет в полноценную «цифровую страну».

Цифровизация всех отраслей промышленности, банковской сферы, ЖКХ, агропромышленного комплекса, науки, образования, медицины, водных ресурсов и водной инфраструктуры, геологоразведки, миграционных потоков является, по мнению Президента, на сегодняшний день задачей №1. Создав единую цифровую платформу, удастся кратно усилить потенциал страны во всех сферах.

Вся проводимая масштабная работа – ради светлого будущего подрастающего поколения. Именно ему завтра предстоит ощутить плоды претворяемых в жизнь преобразований, достойно продолжить начатое дело. Молодежь быстро адаптируется к происходящим в мире кардинальным изменениям, в особенности к наступлению эпохи искусственного интеллекта.

Благодаря кардинальным всесторонним реформам Казахстан уверенно вступает на путь прогресса. Впереди нас ждет кропотливая работа. Мы должны идти только вперед, не сворачивая с избранного курса!

Коллектив библиотеки семейного чтения № 1 был ознакомлен с Посланием Президента и принял активное участие в его обсуждении.

**Е. Гуляева,**
**и.о. руководителя**
**Библиотеки**
**семейного чтения №1**

» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# Мемлекеттік қызмет сапасын бақылаудың жаңа кезеңі

Қазақстанда мемлекеттік қызметтер саласында айтарлықтай өзгерістер орын алуда. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға енгізілген түзетулер мемлекеттік қызметтер саласында рәсімдер мен стандарттарды бекітумен қатар, олардың сапасын да мемлекеттік бақылауда ұстауға жағдай жасады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – әрбір азаматтың күнделікті өмірімен байланысты. Құжат алу, әлеуметтік төлемдерге жүгіну, мүлікті тіркеу немесе лицензия рәсімдеу – осының бәрі халықтың мемлекетке деген сенімін қалыптастырады. Қызмет сапасына байланысты мәселелер де жиі көтерілген болатын – кезектің ұзақтығы, рәсімдердің күрделілігі, қызметкерлердің жауапкершілігі.

Жаңа түзетулер осы мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталған.

Заңға енгізілген толықтырулар мемлекеттік қызметтердің сапасына жүйелі мемлекеттік бақылауды енгізді. Енді уәкілетті орган мен оның өңірлік бөлімшелері мемлекеттік органдарды да, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясын да бақылау құзырына ие болды.

Бақылау тексеру арқылы (жоспарлы және жоспардан тыс), ақпараттық жүйелер мен есептілікті пайдалану негізінде жүргізілуі мүмкін.

Бұл тәсілдер қызмет көрсету процесін барынша ашық, әрі әділ етуге мүмкіндік береді.

Заңнамада жоспарлы және жоспардан тыс тексерулердің нақты негіздері белгіленді. Жоспарлы тексерулер жарты жылдық кесте бойынша жүргізіледі және белгілі бір көлемде қызмет көрсеткен ұйымдарды қамтиды. Ал жоспардан тыс тексерулер азаматтардың шағымдары, БАҚ-тағы материалдар немесе мониторинг нәтижелері негізінде тағайындалады.

Маңызды ерекшелік – анонимді шағым тексеру жүргізуге себеп бола алмайды. Бұл заңдылық пен әділдікті қамтамасыз ететін маңызды қағида.

Жаңа нормалар тексерілетін органдардың құқықтарын да қорғап отыр. Олар тексеру рәсімі бұзылған жағдайда тексерушілерді кіргізбеуге, процеске бейнежазба жүргізуге және қорытындыларға шағым жасауға құқылы. Сонымен қатар құжаттарды уақтылы беру, тексерушілерге кедергі келтірмеу секілді міндеттер де жүктелген.

Бұл тепе-теңдік бақылауды әділетті әрі ашық жүргізуге мүмкіндік береді.

Өзгерістер мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жаңа деңгейге шығарды. Енді азаматтардың шағымдары ескерусіз қалмайды, ал қызмет көрсетушілер сапаны қатаң сақтауға міндетті.

Бұл қадам мемлекеттің басты мақсатына – халыққа сапалы, ашық әрі тиімді қызмет көрсетуге жақындататыны сөзсіз.

# Халықпен диалог: мемлекеттік қызметтің жаңа стандарты

Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін арттыру мәселесін Мемлекет басшысы алғаш 2019 жылғы Жолдауында көтеріп, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынған еді. Бұл идея «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген іргелі қағида аясында көрініс тапты.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бұл саяси коммуникация, яғни кері байланыс тетіктері нақты жұмыс істейтін мемлекет.

Негізгі принципі үкімет пен қоғам арасындағы ашық әрі айқын байланыс арналарын құруды көздеп, шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесінде азаматтардың дауысын естуге және ескеруге бағытталған.

2024 жылы Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа тұжырымдамасы «Ең алдымен адамдар» қағидасы негізінде мемлекеттік қызметті заман талабына сай жетілдіруге бағытталған.

Тұжырымдамада мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, заманауи HR-технологияларды енгізу және процестерді цифрландыру көзделген, бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес келеді.

Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың қарым-қатынас мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге септігін тигізеді. Сонымен қатар, мемлекет ұсынатын игіліктер мен қызметтердің бюрократиясыз, әуре-сарсаңсыз қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Осының барлығы ашықтық, әділдік қағидаттарының қоғамдық санада әрі қарай терең орнығуына жол ашады.

Біз мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін бағалауда Мемлекет басшысының «Әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет» деген пікірін ескеруіміз қажет. Себебі халық үшін ең бастысы – нәтиже.

Қоғамның сұранысына толық жауап бере алатын, халықтың мүддесін жоғары қоятын мемлекеттік аппараты қалыптастыру бағытында әртүрлі байланыс арналары жұмыс істейді. Мысалы, халықтың пікірлерімен ой алмасу үшін қолжетімді және ыңғайлы платформалар «Ашық үкімет», «E-Otinish», «Ашық диалог», «Ашық бюджеттер» алаңдары бар.

Мұның барлығын тиімді саяси шешімдер шығару және азаматтарымыздың басқару үрдісіне тікелей қатысуына мүмкіндік береді.

«E-Otinish» платформасы арқылы азаматтардан, мемлекеттік қызметшілерден түрлі тақырыптағы өтініштер түсіп жатады. Департамент қызметкерлерімен түскен өтініштерді зерделеу барысында, көрсетілген бұзушылықтарды тексеру мақсатында, тексеріс жүргізіліп, бұзушылықтар расталған жағдайда, тиісті ұсыным енгізіліп, құқықтары қалпына келтіріледі және жауапты тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Бұзушылықтардың ішінде сыйлықақы, материалдық көмектің уақтылы төленбеуі, заңсыз тәртіптік жауапкершілікке тарту, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде негізсіз бас тарту және т.б. сияқты мәселелер анықталып жатады.

Осылайша МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаментімен дер кезінде қабылданған шаралардың арқасында азаматтар, мемлекеттік қызметшілердің құқығы қорғалады.

Мемлекеттік органдардың басшыларына тиесілі түрлі интернет-платформалар, әлеуметтік желілердегі парақшалар, халық үнін естуге де септігін тигізуде.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілерде белсенділігі артқаны байқалады. Жергілікті атқарушы биліктің де әлеуметтік желілерде көтерілген мәселелерге қатысты кері байланысы, орын алған проблеманың оң шешімін табуы көптеп кездеседі.

Мемлекеттік органдар әлеуметтік желілерді тиімді қолдана білуі керек, қоғамдық коммуникация үшін оның орны маңызды. Көптеген мәселелердің алдын алуға болатын маңызды құралы болып табылады.

Мемлекет пен халық арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек.

**Б. Макеев,**
**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі**

» ҚҰРЫЛЫС

# ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛУДЕ



*Саранда су және кәріз желілердің тозығы жеткені рас. Бұл өзекті мәселелерді шешу үшін биыл кезең-кезеңмен жаңарту жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Барлық жөндеу жұмыстары – қала әкімі Дарын Бұлқайырдың басты назарында.*

Саран қаласында қазіргі уақытта маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі – кәріз жүйелерін қайта жаңарту жұмыстары қолға алынғаны көпті қуантты. Екі жылдық жоба санитарлық қауіпсіздік деңгейін арттырып қана қоймай, қаланы анағұрлым таза әрі жайлы етуге мүмкіндік береді, деп отыр мамандар. Оның алғашқы кезеңі – «Горняк» шағын ауданында бастау алды.

Бүгінде «Горняк» шағын ауданында кәріз желілерін қайта құру жұмыстары жалғасуда. Жұмыс күн сайын жүргізіліп, мердігерлер құрылыстың жоғары қарқынын көрсетуде. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз қызметі инстаграм парақшасында хабарлады.

Ұсынылған ақпаратқа сүйенсек, жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша: көлденең бағытта бұрғылау әдісімен диаметрі 160–200 мм болатын 3596 метр пластикалық құбырлар төселді, 42 құдық орнатылды, 57 құдық түп жөнделді, 3 темірбетон сақинасы монтаждалды, темірбетон конструкцияларына гидрооқшаулау жүргізілді, пластикалық құбырлардың 53 буыны дәнекерленген, 17 құдықтың айналасына қайта толтыру жүргізілді, 8 металл қоршау орнатылды және боялды.



Мамандар, осындай жүйелі жұмыстың арқасында Горняк шағын ауданында кәріз желілерін қайта құру кестеге сәйкес жүргізілетінін атап өтті.

- ***Бүгінгі таңда 886 м магистральдық кәріз желілерін төсеу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ 44 құдық орнату бойынша жұмыстар жүргізілгенін хабарлаймыз. Биыл Горняк шағын ауданының бір бөлігінде кәріз жұмыстары жүргізілмек,*** - деп атап өтті «Саран қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Мақсат Тоқтасынов.

Биыл жұмыстар алдымен осы шағын ауданында жүргізілсе, келесі кезеңдерде қаланың барлық аумағында жүзеге асырылмақ.



Одан бөлек, қалада 2024–2026 жылдарға жоспарланған және тозығы жеткен құбырларды толық ауыстыруды, ысырмаларды орнатуды және бұрын болмаған жерлерге жаңа магистральдар тартуды көздейтін су құбыры желілерін қайта құрудың 3-кезеңі жалғасуда. Бұл жоба бойынша 92 шақырым құбыр төсеу жоспарланған. Жұмыстың басынан бері 60 шақырым құбыр төселді.

Қала әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, құбыр төсеу заманауи көлденең бағытта бұрғылау әдісімен жүргізілуде. Бұл әдіс жол жабындысы мен абаттандыру нысандарына зиянды барынша азайтуға мүмкіндік береді. Жоғарғы және төменгі Дубовка, Угольный, 106 және Горняк шағын аудандарында үйлерді жаңа желілерге қосу жұмыстары аяқталуда.

Жоба қала тұрғындарын тұрақты таза сумен қамтамасыз етіп, апаттар санын азайтуға және коммуналдық қызметтердің сапасын ұзақ жылдарға арттыруға бағытталған.

**Дина ӘБДІҒАЛИЕВА**







» БІЛІМ

# Қордың үлесі қомақты





**(Басы 1-бетте)**

Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте 22 оқу кабинеті бар. 2023 жылы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен мектептің барлық кабинеттері партадан бастап, заманауи үлгідегі техникалармен толықты.

Мектеп директоры Гүлден Серикованың айтуы бойынша, 2023 жылдан бастап білім беру сапасы 10-12 пайызға өскен. Оқушылардың ғылыми жобалармен айналысуға мүмкіндігі артып, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі жарыстардан олжалы болуда.

- ***Жаратылыстану бағытында көптеген құрал-жабдық келгендіктен балалардың ғылыми жұмыстармен айналысуы жоғары дәрежеге көтерілді. Оқу кабинеттеріміз жаңаша бақытта жабдықталған. Сонымен қоса, кітапханамызда жаңа интерактивті тақта, компьютерлер, үстелдері - балаларға ыңғайлы жағдайда келді,*** - деді мектеп директоры Гүлден Серикова.

Оқу кабинеттерден бөлек, мектеп спортзалы мен үйірмелердің іші жаңарып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бар жағдай жасалған.

Балалар тігін машинасымен тігуді, қолөнер бұйымдарын жасауды, шахмат, бес асық сынды спорттық ойындармен айналысуды, роботтехниканы еш қиындықсыз игере алады. Болашақ журналистерге студия ашылып, мектеп қабырғасында өз дағдыларын машықтандыра алатын керек техникалармен қамтамасыз етілген. «Осының барлығы сапалы білім беруге сеп болады», - деп отыр мектеп әкімшілігі.

- ***Бұрында бізде аяқ машина болса, қазіргі таңда бізде заманауи тоқ машина келді. Тоқ машинамен оқушыларлымыз өте жақсы жұмыс істейді. Қызығушылықтары өте жоғары. Осы жұмыстардың арқасында мектебіміз де үлкен жетістіктерге жетуде,*** - деді Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің еңбек мұғалімі Жайнагүл Мухархан.

Хакім Абай атындағы білім ордасың іші толық араланып болған соң, жас техниктер станциясының бүгінгі тыныс-тіршілігі таныстырылды. Робототехника, шеберлік кабинеттері, модельдеу зертханасы араланып, жетістіктеріне шолу жасалынды.

**Дина ӘБДІҒАЛИЕВА**

» ОБРАЗОВАНИЕ

# Роль ранней поддержки в развитии детей:
## опыт проекта «Время возможностей» в Казахстане



*По данным Министерства здравоохранения на 1 апреля 2025 года, в стране проживает 1,7 миллиона детей до трёх лет. Из них почти у 130 тысяч уже выявлены различные нарушения в развитии, а 22 тысячи имеют официально установленную инвалидность.*

Эти цифры подтверждают, насколько важно начинать работу с детьми как можно раньше. Ранняя диагностика и своевременная коррекция позволяют предотвратить дальнейшее развитие нарушений и значительно улучшить прогноз. Чем раньше специалисты начнут работать с ребёнком, тем больше шансов на то, что он сможет догнать своих сверстников и избежать многих проблем в будущем.

**Важность периода до трёх лет**

Почему возраст до трёх лет так важен? Ответ лежит в развитии мозга. По данным международных исследований, в этот период формируется 80% его архитектуры. Каждую секунду образуется до миллиона новых нейронных связей. Простой контакт с родителями — улыбка, разговор, объятия — буквально «прошивают» и укрепляет мозг.

Для каждой функции — речи, моторики, зрения — существует свой оптимальный период развития. Если он упущен, наверстать упущенное будет в разы сложнее, а иногда и невозможно. Помогая ребёнку с особенностями в этот критический период, мы даём ему шанс на полноценное будущее и снижаем риск тяжёлой инвалидности.

**Что такое ранняя поддержка**

Существует мнение, что помощь детям с особыми потребностями — это в первую очередь медицинские процедуры. Однако современный подход, который лежит в основе ранней поддержки, гораздо шире. Это комплексная помощь, сфокусированная на качестве жизни всей семьи.

Ранняя поддержка смотрит на всю семью. Её цель — нормализовать жизнь семьи, развить сильные стороны малыша и сделать его максимально самостоятельным. Здесь родители — главные партнёры, а специалисты (психологи, логопеды, эрготерапевты) — консультанты, которые помогают составить индивидуальный план.

Помощь предназначена для любой семьи с ребёнком от 0 до 3 лет, у которой есть риск задержки развития, трудности в быту или просто беспокойство родителей. Специалисты через игру и повседневные занятия помогают ребёнку развивать ключевые навыки: познавать мир, общаться, двигаться, использовать руки для игры и еды, обслуживать себя.

Например, если в службу обращается семья с ребёнком с нарушением зрения, команда специалистов поможет ему научиться изучать мир с помощью других чувств, осваивать речь и навыки самостоятельности. Это не разрозненные визиты к врачам, а комплексное сопровождение.

**Что уже меняется в Казахстане**

В ответ на эту тенденцию государство и общество предпринимают действия и создают проекты. Один из таких проектов — «Время возможностей», реализуемый Фондом DARA при поддержке компании «Шеврон». Цель проекта — построить по всей стране сеть служб ранней поддержки, чтобы каждая семья, в которой растёт ребёнок с особыми потребностями, имела доступ к качественной помощи.

Благодаря проекту «Время возможностей», ситуация в сфере ранней поддержки в Казахстане получает положительное развитие. В рамках именно этой инициативы за последний год по всей стране — от Атырау до Семея — было открыто 18 Служб ранней поддержки и 65 специалистов служб ранней поддержки прошли обучение по программе ранней поддержки. Уже действующие службы ранней поддержки смогли помочь 180 семьям.

«Участие в проекте фонда «Дара» «Время возможностей» позволило мне и моему специалисту получить уникальные знания и практические инструменты в работе с семьей с детьми раннего возраста в результате прошедшего обучения, — отмечает руководитель Кабинета психолого-педагогической коррекции города Аркалык Рита Капсемет, — и мы гордимся, что можем внести вклад в развитие службы ранней поддержки в нашем регионе».

Службы ранней поддержки создаются на базе кабинетов психолого-педагогической коррекции, отделений надомного обслуживания, чтобы обеспечить их шаговую доступность от места проживания семьи с ребёнком раннего возраста. Все они работают по единой технологии, а это гарантирует качество услуг. Полная карта проекта и контакты Центров в разных городах Казахстана можно найти здесь.

«Мы, Фонд «Дара», видим своей задачей дальнейшее развитие этой системы, обучение специалистов и содействие в закреплении статуса ранней поддержки на законодательном уровне», — говорит Айгуль Табергенова, руководитель проекта «Ранняя поддержка».

**Комплексный эффект ранней поддержки**

Результаты внедрения системы ранней поддержки можно оценить на нескольких уровнях.

• Для ребёнка: Ранняя поддержка в наиболее чувствительный период развития позволяет достичь высоких результатов и даёт ребёнку больше возможностей для успешной адаптации в детском саду и школе.

• Для семьи: Ранняя поддержка помогает снизить уровень стресса и даёт родителям необходимые знания и уверенность. Они становятся компетентными помощниками для своего ребёнка, что значительно повышает качество жизни всей семьи.

• Для общества: Мировая практика показывает, что развитие системы ранней поддержки способствует включению детей с особыми потребностями в общую систему образования. Это, в свою очередь, снижает долгосрочную нагрузку на социальные и медицинские службы.

Мировая практика доказывает, что вложения в раннее детство — один из самых эффективных вкладов в здоровое будущее нации. Проект «Время возможностей» является наглядным примером того, как этот подход реализуется в Казахстане. Узнать больше о проекте, а также найти контакты центров ранней поддержки в разных городах страны можно на официальном сайте.

**Гульнар НАУРЫЗБАЙ**

» ГОРОДСКОМ МАСЛИХАТЕ

# ДЕПУТАТЫ ОБСУДИЛИ БОРЬБУ С НАРКОМАНИЕЙ И ПОДДЕРЖКУ МОЛОДЕЖИ





9 сентября состоялось заседание постоянной комиссии по бюджету, экономике, предпринимательству, социально-культурному развитию и социальной защите населения.

С докладом выступила и.о. руководителя отдела внутренней политики города, которая подробно остановилась на работе по информационно-разъяснительной деятельности среди населения, взаимодействию с институтами гражданского общества и СМИ.

Также с информацией по вопросам профилактики правонарушений среди подростков и борьбы с наркоманией в молодежной среде выступили руководители Молодежного ресурсного центра, отдела полиции и директор Центральной больницы.

В ходе обсуждения депутаты подчеркнули необходимость: повышения эффективности реализации государственного социального заказа; усиления агитации по продвижению рабочих профессий среди молодежи; укрепления межведомственного взаимодействия для профилактики ПАВ-зависимости среди подростков.

Обсуждались также вопросы учета несовершеннолетних, работы школьных инспекторов, мониторинга социальных сетей по фактам распространения наркотиков и другие актуальные темы.

По итогам заседания принято соответствующее постановление, которое направят в профильные учреждения для исполнения.

**Соб. инф.**

» ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ

# В Общественном совете прошел дополнительный конкурс



Согласно Типового положения об Общественных советах и в связи с выбытием членов Общественного совета состоялось собеседование по итогам дополнительного конкурса с кандидатами в члены совета. В ходе собеседования членами ОС заданы ряд вопросов кандидатам и оценены ответы.

По итогам собеседования включены следующие кандидаты в состав:

1. Айдын Шыңғыс Айдынұлы (выдвинут от МОО «Доброволец»);

2. Қанапиянова Айым Олжасқызы (выдвинута от партии «AMANAT»);

3. Меней Жұлдыз Тоғтоғанқызы (выдвинута от партии «AMANAT»);

4. Балгужин Дамир Акатович (самовыдвиженец).

Из резерва в состав Общественного совета от государственного органа включен Нықаш Дидар Аманжолұлы (выдвинут партией «AMANAT»).

**С. Тлекбаев, председатель Общественного совета**

» АКТУАЛЬНО

# Городская избирательная комиссия информирует

Во исполнение Плана мероприятий Центральной избирательной комиссии, посвященных 30-летию Конституции Республики Казахстан, в Саранском высшем гуманитарно-техническом колледже имени Абая Кунанбаева председателем городской избирательной комиссии Абильдиным А. А. была проведена гостевая лекция для молодых и будущих избирателей – студентов колледжа «Эволюция и особенности современной избирательной системы Республики Казахстан».

В мероприятии принял участие Жаяубаев Ж.К., депутат Саранского городского маслихата, заместитель директора колледжа по воспитательной работе.

В Саранском техническом колледже с участием председателя городской избирательной комиссии Абильдина А.А.прошел семинар - тренинг с молодыми и будущими избирателями - студентами колледжа по вопросам избирательного права. В ходе семинара были рассмотрены актуальные вопросы электоральной деятельности и избирательной системы Республики Казахстан.

В заключении семинаров Абильдин А.А. ответил на вопросы будущих избирателей.

В школах города Сарани прошел республиканский избирательный диктант «Мое избирательное право» среди учащихся 9-11 классов, будущих избирателей.

В преддверии выборов депутата Саранского городского маслихата вместо выбывшего, назначенных на 26 октября 2025 года состоялось заседание рабочей группы по обеспечению прав лиц с инвалидностью при Саранской городской избирательной комиссии Были рассмотрены вопросы взаимодействия с местными исполнительными органами и избирательными комиссиями города по обеспечению беспрепятственного доступа избирателей с инвалидностью к избирательным участкам, в которых располагаются помещениях для голосования, оснащению их необходимым оборудованием.

**Городская избирательная комиссия**

» ПРАВО

# Семейные споры в судах РК: развод, алименты и имущество



В современном Казахстане семейные споры занимают значительную часть дел, рассматриваемых судами. Конфликты, связанные с разводом, разделом имущества, назначением алиментов и определением места проживания детей, требуют не только эмоциональной устойчивости, но и знания законодательства. В этой статье мы подробно разберём, как регулируются такие дела в Республике Казахстан в соответствии с законами.

**Развод через суд: порядок и основания**

Развод регулируется положениями Кодекса Республики Казахстан "О браке (супружестве) и семье". Если оба супруга согласны на расторжение брака и не имеют общих несовершеннолетних детей, развод можно оформить через органы ЗАГС. Однако если есть спор о детях, разделе имущества или один из супругов не согласен на развод, дело рассматривается судом.

Основания для развода: суд принимает решение, если совместная жизнь супругов невозможна, и дальнейшее сохранение семьи противоречит их интересам или интересам детей.

Срок на примирение: суд вправе предоставить срок для примирения супругов до 6 месяцев, если сочтёт, что это может помочь восстановить семью.

**Алименты: обеспечение детей и нетрудоспособного супруга.**

Алименты на детей регулируются согласно статьям 138–143 Семейного кодекса. Родители обязаны содержать своих несовершеннолетних детей. Размер алиментов может быть установлен:

В процентах от дохода родителя (1/4 на одного ребёнка, 1/3 на двух, 1/2 на трёх и более);

В твёрдой денежной сумме, если родитель не имеет стабильного дохода.

Нетрудоспособный супруг, а также женщина в период беременности или ухода за ребёнком до 3 лет, имеет право требовать алименты от отца ребёнка согласно статье 147 Семейного кодекса. Ответственность за неуплату алиментов злостное уклонение от уплаты алиментов может привести к административной (штраф) или уголовной ответственности (статья 139 Уголовного кодекса РК).

**Раздел имущества: что делить и как?**

Имущественные споры регулируются как Семейным кодексом, так и Гражданским кодексом Республики Казахстан.

Совместная собственность: имущество, приобретённое в браке, считается совместной собственностью супругов (статья 33 Семейного кодекса). Оно делится поровну, если иное не предусмотрено брачным договором.

Личное имущество: имущество, приобретённое до брака, по наследству или в дар, остаётся за тем супругом, который его получил.

Суд также учитывает интересы детей, например, может передать семейное жильё тому супругу, с которым остаются дети.

Определение места проживания ребёнка: при разводе ключевым вопросом становится определение, с кем останется ребёнок.

Суд принимает решение, исходя из интересов ребёнка (статья 62 Семейного кодекса).

Учитываются следующие факторы:

Условия проживания каждого из родителей;

Уровень их дохода;

Привязанность ребёнка к каждому из родителей.

С 10 лет мнение ребёнка учитывается судом.

**Медиация и внесудебное урегулирование**

Согласно Закону РК "О медиации", стороны могут решить спор через медиатора. Это особенно полезно в семейных конфликтах, когда важно сохранить уважительные отношения ради детей. Медиация помогает прийти к соглашению по алиментам, месту проживания детей и разделу имущества без длительных судебных разбирательств.

Семейные споры — это не только юридическая, но и эмоционально сложная сфера. Однако законодательство Республики Казахстан предоставляет все инструменты для защиты прав супругов и детей.

Чтобы избежать затяжных разбирательств, важно своевременно обратиться за юридической консультацией, а также рассмотреть возможность медиации. Помните, что главный приоритет в таких спорах — это интересы детей и уважение друг друга.

**О. Чернова, главный специалист Саранского городского суда**

# РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

## ТРЕБУЕТСЯ

На предприятие требуются: водитель погрузчика, токаря, слесарь по ремонту оборудования. Заработная плата выплачивается своевременно + полный соц.пакет. Обращаться: г. Сарань, ул.Чкалова 2/4 (возле сауны Эдем), 87750392822.




**В ТОО «SUNPAPER» ТРЕБУЮТСЯ:**

- РАЗМОЛЬЩИК
- РЕЗЧИК
- ОПЕРАТОР ПАРОВОЙ КОТЕЛЬНОЙ
- УКЛАДЧИК-УПАКОВЩИК
- ОПЕРАТОР БУМАГОРЕЗАТЕЛЬНОЙ МАШИНЫ
- ВОДИТЕЛЬ ПОГРУЗЧИКА
- РАЗНОРАБОЧИЙ
- ГРУЗЧИК
- УБОРЩИК ПРОИЗВОДСТВЕНЫХ ПОМЕЩЕНИЙ

ОФИЦИАЛЬНОЕ ТРУДОУСТРОЙСТВО В СООТВЕТСТВИИ С ТК РК

ПИТАНИЕ РАЗВОЗКА

ТРЕНАЖЁРНЫЙ ЗАЛ

КОНТАКТНЫЙ НОМЕР: +7 775 282 90 18

ЗВОНИТЬ В БУДНИ С 08:00 ДО 17:00

## ПРОДАЕТСЯ

3-к кв, 3 этаж, с мебелью современной и частично техникой. С ремонтом. Район стелы. Торг уместен. Т.: 8-702-528-76-13.

**Продается 1-к квартира в центре п. Актас.**

С евроремонтом, всё в шаговой доступности, кухня с мебелью. Цена: 6 млн. тенге.

**Т.: 8-708-545-82-18.**

**Продается электрогенератор бензиновый HUTER DY 3000LX.**

Напряжение 220В, частота 50Гц, мощность 2,5 кВа, бензин АИ – 92. Генератор б/у, в отличном состоянии, практически не использовался. Для бензина АИ – 92. Заводится при помощи ключа.

Телефон: 8-700-673-78-66 (WhatsApp).



В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

Внимание! В Саранский городской суд будет подано заявление акимата города Сарани о признании выморочным имуществом на квартиры № 27, 28, 30, 34, 35, 36, 74, 90, 94 и 96, в доме № 150 - 153, микрорайона 3, города Сарани с признанием на них права коммунальной собственности города Сарани.




## КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы города Сарани сообщают, что 16.09.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 21.08.2025 года Лапина Михаила Антоновича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 21.02.2026 г.

Лицензия № 14018231 от 05.12.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 16.09.2025 г. открылось наследственное дело после умершей 04.06.2025 года Семиной Раисы Васильевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 04.12.2025 г.

Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 17.09.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 04.04.2025 года Танабаева Сергазы Жесеновича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 04.10.2025 г.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 18.09.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 10.09.2025 года Федулова Юрия Анатольевича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 10.03.2026 г.

Лицензия № 16002610 от 11.02.2016 года Министерства юстиции РК






» МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

# Ана тілі – қазыналы тіл!

Ана тіліміз – ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетін, қоғамның барлық салаларында қолдануға жарамды, заман талаптарына толық жауап бере алатын қазыналы тіл! Сондықтан оның болашағы жарқын екендігіне күмән жоқ. Қай салада болмасын мемлекеттік тілдің өрісі биік болуы керек. Сонда ғана ана тіліміз қанатын кеңге жаяды. Мемлекетке қызмет ету үшін ең алдымен мемлекеттік тілді білу бүгінгі заман талабы. Өйткені, мемлекеттік тілді білмеген мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік қызметте қызмет атқарулары мүмкін емес. Бүгінгі күні қазақ тілін оқыту курстары тегін – ол мемлекет есебінен ұйымдастырылған, ал ағылшын тілін білгісі келген адам ақылы, яғни өз қалтасының есебінен оқиды. Сондықтан, мемлекеттік тілді игеруде әрбір қазақстандық үшін мемлекет тарапынан ұсынылып жатқан мүмкіндіктерді жіберіп алмаған жөн.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата – бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деген Бауыржан Момышұлы. Ана тілімiз жөнінде қай заманда да болсын дуалы ауыздар айтудай – ақ айтқан. Бірақ оны тыңдап жатқан қазақ баласы аз.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» – екендігін ұмытпайық!

**Ж. Джумашева,**
**Саран қаласының**
**Полиция бөлімі**






» СПОРТ

# В числе лучших

***Тринадцатого сентября в спортивном комплексе «Жастар» состоялось Первенство г. Караганды по каратэ WKF.***



Всего в соревнованиях приняли участие более 100 спортсменов из Караганды, Темиртау, Астаны, Экибастуза, Павлодара и Сарани.

Клуб «Годан» из нашего города представляли 19 человек в возрасте от 9 до 15 лет. Ребятам удалось завоевать 23 медали. Из которых восемь наград золотых, шесть серебряных и девять - бронзовых.

Соревнования проходили по двум дисциплинам ката и кумитэ.

В программе ката у саранской команды три золотые награды, которые завоевали: Беляев Арсентий в возрасте 12-13 лет, Зограбян Аревика в категории 14 лет и старше и Халитов Равиль в возрастной категории 14 лет и старше.

Серебряные награды в этой дисциплине завоевали Фараносова Варвара возрастной группе 10-11 лет, Циома Лидия в и Шепаев Богдан в категории 12-13 лет и Авазхонов Лазиз в категории 14 лет и старше.

Бронзовые награды нашей команде принесли Дааев Анзор, Лепехова Кира и Ануарбекова Диана в возрасте 10-11 лет.

В программе кумитэ юным спортсменам удалось завоевать пять золотых наград в возрастной категории 8-9 лет свыше 35 кг Амангелді Нурдәулету, в категории 10 -11 лет до 35 кг Германович Даниилу, а в категории 10 - 11лет свыше 40 кг Дааеву Анзору, в возрастной категории 12-13 лет свыше 55 кг Беляеву Арсентию, в возрастной категории 14-15 лет до 57 кг Авазхонову Лазизу.

Серебряные награды в программе кумитэ завоевали Измайлов Али в возрасте 10-11 лет свыше 40 кг и Шепаев Богдан среди спортсменов 12-13 лет в весовой категории свыше 55 кг.

Бронзовые медали в программе кумитэ завоевали Ануарбекова Диана, Лепехова Кира и Лепехова София в категории 10-11 лет, а среди спортсменов 12-13 лет Корнилова Кристина и Зограбян Амелия, в категории 14-15 лет Зограбян Аревика.

Стоит отметить, что клуб «Годан» на данных соревнованиях занял общекомандное второе место среди 10 команд и был награжден памятным кубком и грамотой.

**Соб. инф.**










**Саран газеті**

Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство № KZ82VPY00121161 от 05.06.2025 г. (номер и дата первичной постановки на учет 10.02.2006 г., 6940-Г)

Собственник: ТОО «Саран тынысы»

Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1
Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит один раз в неделю, форматом А3 Тираж 670

Газета набрана и сверстана в редакции

Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО “Типография “Арко” 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева,15

Печать офсетная. Заказ № 75-76

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.